

Ана — өмірдің шуағы

Ана — адам баласының ең аяулы, ең қастерлі жанашыры. Әлемдегі барлық тіршіліктің бастауы, махаббат пен мейірімнің, жылылық пен қамқорлықтың қайнар көзі — Ана. Анасыз өмірдің мәні де, сәні де болмайтыны анық. Сол себепті халқымыз “Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді” деп бекер айтпаған.

Ана — өмірдің шуағы. Оның жүрегінде шексіз мейірім, сабыр, төзім, адалдық пен даналық бар. Бала шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, анасы үшін ол өмірінің мәніне айналады. Бесіктен бастап есейгенге дейін ананың алақаны мен жүрек жылуы баланы қоршап тұрады. Ана баласының әрбір жетістігіне қуанады, әрбір мұңына жанымен алаңдайды. Оның қуанышы — баласының бақыты, арманы — баласының амандығы.

Қазақ халқында ананы ерекше қадірлеудің терең дәстүрі бар. “Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызыңнан құтылмайсың” деген сөз — ананың орны толмас қадірін білдіретін нақыл. Сонымен қатар, қазақтың салт-дәстүрінде “ана сүті”, “ана тілегі”, “ана батасы” сияқты түсініктер ерекше қасиетті деп саналады.

Бүгінгі таңда аналар қоғамда да үлкен рөл атқарады. Олар — отбасының ғана емес, елдің тірегі. Ана тек отбасының ұйытқысы емес, сонымен қатар, елге қызмет ететін парасатты тұлға, ұрпақ тәрбиелеуші ұстаз.

Қорытындылай келе, ана — өмірдің шуағы, тіршіліктің темірқазығы. Ананы қадірлеу, құрметтеу — әрбір адамның парызы. Анаға деген алғыс пен

сүйіспеншілік ешқашан таусылмайтын мәңгілік сезім болуы тиіс.